

ӘОЖ 378.4:378.1

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ, ИНСТИТУТ,
КОНСЕРВАТОРИЯ, АКАДЕМИЯНЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ МЕН
МАҢЫЗЫ**

Нұрлыбекқызы Ғазиза

I курс магистранты, «7M01501 – Математика» білім беру бағдарамасы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: Сүлеймен Самал Бейкұтқызы,
педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы.

Мақалада Қазақстандағы жоғары оқу орындарының негізгі түрлері – университет, институт, академия және консерваторияның айырмашылықтары мен ерекшеліктері жан-жақты талданады. Әрбір оқу орнының білім беру саласындағы рөлі, мамандар даярлау бағыты және ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы орны сипатталады. Сондай-ақ жоғары оқу орындарының тарихи қалыптасуы, оның ішінде Қазақстанда ашылған алғашқы оқу орындарының дамуы мен қазіргі заманғы маңызы туралы ақпарат беріледі. Мақала талапкерлер мен студенттерге жоғары оқу орнын таңдау барысында бағыт-бағдар ұсынады және болашақ мамандық таңдауда қателеспеудің маңыздылығын түсіндіреді.

Кілт сөздер: Жоғары оқу орны, университет, институт, академия, консерватория, білім беру жүйесі, ғылым, мәдениет, өнер, маман даярлау, ғылыми-зерттеу жұмыстары, оқу орнының ерекшеліктері.

Елімізде жыл сайын жүздеген түлектер мектеп бітіріп, алдында сан тарау жол тұрады. Соның бірі – мамандық таңдау, жоғары оқу орнын таңдау. Жоғары оқу орындарының түрі бар. Тек өзіңнің қабілетіңе қарай оларды таңдай білу қажет. Жоғары оқу орны экономика, ғылым мен мәдениет саласында жоғары білімді мамандар даярлауға бағытталған, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, мәдениет саласында еңбек ететін мамандарды даярлайтын оқу орындары десек, сол жоғары оқу орындарын таңдау олардың ерекшеліктерін білмейтін адамға қиындық келтірері анық. Академия ма, институт па, университет немесе консерватория? Қай оқу орнында оқу қызықтырақ, қайсысының білімі тереңірек? Қайсысы практикалық

білім алуға мүмкіндік береді? Сенің таңдауың – өмірлік жолың. Сондықтан оқу орнын таңдауда қателеспеген абзал.

Қазақстанда жоғары оқу орны алғаш рет 1928 жылы Алматы қаласында ашылған екен. Ол «Қазақ мемлекеттік университеті» деген атпен құрылған. Кейін, 1930 жылы бұл оқу орны «Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына» айналады [1]. Еліміздегі алғашқы жоғары оқу орны қазіргі күні мен магистратурасында білім алып жатқан Абай атындағы педагогикалық университеті екені менің жүрегімді ерекше мақтанышқа бөлейді.

Алдымен, институт, университет деген сөздің мағынасына тоқталайық. «институт» латын тілінен аударғанда «мекеме, құру» деген мағынаны, ал «университет» деген сөз «жалпы» деген мағынан білдіреді екен. Ғылыми-зерттеу жұмысының бағытын институт өзі таңдаса, университет іргелі, қолданбалы зерттеулер жүргізеді. Институтта бір сала бойынша мамандар даярласа, университетте көп салалы білім береді. Университетте арнайы пәндермен қатар жалпы білім беретін пәндер де оқытылады. Сондай-ақ мұнда ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі. «Университет» мәртебесі жоғары оқу орындарының ішінде ең жоғары болып есептеледі.

Ал академиялардың университеттен айырмашылығы – оларда ғылымның немесе өнердің белгілі бір саласы бойынша ғана мамандар даярлайды. Мысалы, Орал сәулет және өнер академиясы [2].

Университетте білім сан-салалы. Бір сөзбен айтқанда, университет академия мен институтқа қарағанда сан-салалы білім береді. Университеттің академия мен институттан айырмашылығы мұғалімдердің біліктілігіне, аспирантурада оқитын студенттер санына, оқыту мамандықтарына, ғылыми жұмыстың жүргізілуіне байланысты болады. Егер институтта аспиранттар саны 25 пайыздан көп болса, институт өзін университет немесе академия дәрежесіне көтеруге мүмкіндігі бар [3].

Жоғары оқу орнының тағы бір түрі бар. Ол – музыка мамандарын даярлайтын оқу орны, яғни консерватория. Консерватория итальян тілінен аударғанда «баспана» деген мағынаны білдіреді екен. Консерваторияда музыкалық шығармаларды кәсіби орындаушылар, сазгерлер, музыка мәдениетінің тарихшылары мен теорияшылары, музыка зерттеушілері білім алады. Қазақстанда 1944 жылы 24 шілдеде Алматы қаласында алғашқы Өнер Институты ашылды. Ол кейіннен консерватория деп аталды. 1954 жылы консерваторияға атақты қазақ күйшісі Құрманғазы Сағырбайұлының есімі берілді. [4]. Консерватория түлектері еліміздің барлық шығармашылық ұжымдарында, білім мекемелерінде жұмыс жасап, еліміздің өнерін дамытуға үлес қосып келеді.

Міне, жоғары оқу орындарының осындай өзіндік ерекшеліктері мен адам өмірінде ерекше маңызы бар. Олар бір-бірінен оқыту мамандықтары мен салаларына байланысты ажыратылады. Әрбір жоғары оқу орнының

Қазақстанның дамуына қосқан өзіндік үлесі бар. Тек қай оқу орнын таңдау, қай мамандықты таңдау адамның өз еркінде.

Адам екі нәрседен қателеспеуі керек дейді. Соның бірі – мамандық. Ендеше өміріңізде осыншалық маңызға ие мамандық таңдауда, сол мамандықты өз дәрежесінде меңгеретін жоғары оқу орнын таңдауда еш қателеспеніз дегім келеді. Ал мен өз таңдауымды жасадым. Және қателеспедім. Қазіргі күні Абай атындағы педагогикалық университетінің магистрантымын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мұқанов М.М. Білім беру мекемелері және олардың ерекшеліктері. – Астана: Фолиант, 2018.
2. Айтбаева А.Қ., Қайдарова Қ.Ж. Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
3. Қазақстанның жоғары оқу орындары туралы анықтамалық. – Алматы: Білім баспасы, 2020.
4. Ахметов Н.Т. Өнер мен музыка білімінің қалыптасуы: Қазақстандағы консерваториялар. – Алматы: Өнер, 2015.

ОТЛИЧИЯ И ЗНАЧЕНИЕ УНИВЕРСИТЕТА, ИНСТИТУТА, КОНСЕРВАТОРИИ, АКАДЕМИИ В МЕСТЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Нұрлыбекқызы Ғазиза

Научный руководитель: Сүлеймен Самал Бейкұтқызы

В статье рассматриваются основные виды высших учебных заведений в Казахстане — университеты, институты, академии и консерватории. Подробно анализируются различия и особенности каждого типа учебного заведения, их роль в системе образования, направления подготовки специалистов и место в научно-исследовательской деятельности. Также описывается историческое становление высших учебных заведений, включая развитие первых образовательных учреждений в Казахстане, и их значение в современности. Статья дает абитуриентам и студентам ориентир при выборе учебного заведения и подчеркивает важность осознанного выбора профессии.

Ключевые слова: Высшее учебное заведение, университет, институт, академия, консерватория, система образования, наука, культура, искусство,

подготовка специалистов, научно-исследовательская работа, особенности учебного заведения.

DIFFERENCES AND IMPORTANCE OF UNIVERSITY, INSTITUTE, CONSERVATORY, ACADEMY IN A PLACE OF HIGHER EDUCATION

Nurlybekkyzy Gaziza

Scientific Supervisor: Suleimen S.B.

The article explores the main types of higher education institutions in Kazakhstan, including universities, institutes, academies, and conservatories. It provides a detailed analysis of the differences and features of each type of institution, their role in the education system, areas of professional training, and contributions to research activities. The historical development of higher education institutions in Kazakhstan, including the evolution of the first educational institutions, and their significance in modern times are also discussed. The article serves as a guide for prospective students in choosing the right institution and emphasizes the importance of making an informed decision when selecting a career path.

Keywords: Higher education institution, university, institute, academy, conservatory, education system, science, culture, art, professional training, research activities, institution characteristics.

REFERENCES

1. Mukanov M.M. Educational institutions and their features. - Astana: Foliant, 2018.
2. Aitbayeva A.K., Kaidarova K.Zh. The system of higher education in Kazakhstan. - Almaty: Kazakh University, 2019.
3. Directory of universities of Kazakhstan. - Almaty: publishing house of education, 2020.
4. Akhmetov N.T. Formation of art and music education: conservatories in Kazakhstan. - Almaty: Art, 2015.